

**Новоильинов ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 1 "Новоильинов ауылдық округі ауылдарының көшелеріне атау беру туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қостанай облысы Таран ауданы Новоильинов ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 12 наурыздағы № 2 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 сәуірде № 7653 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Қостанай облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 мамырдағы № 3 қаулысына және Қостанай облысы мәслихатының 2017 жылғы 24 мамырдағы № 161 шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7123 болып тіркелген) сәйкес, Новоильинов ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Новоильинов ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 1 " Новоильинов ауылдық округі ауылдарының көшелеріне атау беру туралы" ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-18-169 тіркелген, 2012 жылғы 17 мамырдағы "Маяк" аудандық газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

6-тармақ алынып тасталсын;

9-тармақ мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) атаусыз № 6 көшесіне – Карьерная көшесі."

2. "Новоильинов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешім ресми жарияланғанынан кейін Таран ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Новоильинов ауылдық  
округі әкімінің міндетін атқарушы*

*Л. Уралева*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК